

Кімге: Алтай ауданы әкімі аппаратының басшысына

Авторы: Баймуханбетова Самал Кенжебековна «Алтай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бас маманы

Дата: 24.10.2024 ж

Аналитикалық жазба

Алтай ауданын жылумен жабдықтаудың мәселелері (соңғы 5 жыл тәжірибиесінде)

Жылумен жабдықтау жүйелері қоғамның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығына маңызды әсер етеді. Олардың тиімділігі мен сенімділігі тұрғындардың тұрмыс сапасына, өнер кәсіптік өнімділігіне және энергетикалық қауіпсіздікке тікелей байланысты. Алайда жылумен жабдықтау саласында бірнеше маңызды мәселелер орын алуда. Олар энергетикалық тиімділік, экологиялық әсер, инфрақұрылым, сұраныспен ұсыныс және қаржылық аспектілерге әсер етеді.

Жылумен жабдықтау жүйелерінің тиімділігі мен экологиялық тұрақтылықты сақтау — қазіргі заманғы энергетикалық саясаттың маңызды бағыттары. Қоғамдық денсаулық: экологиялық тұрақтылықтың жоғарылауы халықтың денсаулығына оң әсер етеді, себебі ауа сапасының жақсаруы ауруларды азайтады.

Астана қаласы мен Өскемен қаласының жылу орталықтарының статистикасын алғанда жылу өндірісі: Астанадағы жылу орталықтарының жалпы қуаты шамамен 3,2 ГВт. Энергетикалық көздер: Көмір, газ және жаңартылатын энергия көздері. Жылу энергиясының тиімділігі 90%-дан жоғары. Пайдаланушылар саны: шамамен 1 миллионнан астам тұрғынға жетеді.

Өскемен қаласы бойынша жылу орталықтарының қуаты шамамен 1,2 ГВт. Энергетикалық көздер негізінен көмір және газ болып табылады. Жылу энергиясының тиімділігі 70-80% аралығында. Пайдаланушылар саны шамамен 300 мыңға жуық тұрғынға жетеді.


Біз Алтай ауданының жылумен жабдықтаудың мәселесін соңғы 5 жыл тәжірибиесінде талдайтын боламыз

Аналитикалық жазбаның мақсаты Алтай ауданын жылумен - жабдықтаудың мәселелерінің шешілу механизмін түсіндіру, тиімді шешімдер ұсыну.

Негізгі бөлім.

Алтай қаласының аудандық қазандығы жылумен қамтамасыз етеді 459 көппәтерлі тұрғын үй, 744 жеке үй. Жылу энергиясын тұтынатын абоненттер саны 14342 абонентке жылумен жабдықтау қызметтерін көрсетеді, оның ішінде:

жеке тұлғалар -13855 абонент;
заңды тұлғалар - 484 абоненттер;



№ 1 кестелік мәліметтерге сүйене отырып, қазандықтың тозуы негізгі проблема болып табылады. Тозудың себебі-күрделі жөндеудің болмауы. Тозу мәселесін шешу үшін жұмыстар жоспарланған.

Кесте – 1. Қолданыстағы жылумен жабдықтау тарифтері

TMC атауы	Тұтынушылар тобы	Өлш. бірлік.	01.09.2023 жылдан бастап қолданыстағы тариф,
«Алтай қаласының жылу-су орталығы» КМК	Жылумен жабдықтау		
	халық	тг/Гкал	5 560,5
	басқа тұтынушылар		9 142,1
	бюджеттік ұйымдар		16 009,61
	Сумен жабдықтау		
	халық	тг/м3	72,35
	басқа тұтынушылар		197,86
	өнеркәсіптік кәсіпорындар		302,12
	бюджеттік ұйымдар		417,66
	Су бұру		

	халық	тг/м3	107,08
	басқа тұтынушылар		458,48
	өнеркәсіптік кәсіпорындар		635,36
	бюджеттік ұйымдар		743,01

Алтай қаласының жылу энергиясын өндіруге арналған негізгі отын «Қаражыра» кен орнынан алынған қатты отын (Д маркалы көмір) болып табылады. Мазут жанармай ретінде қолданылады.

Серебрянск қаласының қазандығы жылумен қамтамасыз етеді:

-89 көппәтерлі тұрғын үй;

-207 жеке үй;

Жаңа-Бұқтырма кентінің қазандығы:

-35 көппәтерлі тұрғын үй;

-182 жеке үй;

1. Берілетін қуаты мен тозу дәрежесі көрсетілген қазандық агрегаттарының саны.

Жылу көзінің атауы	Қазандық агрегаттары	Енгізу жылы	Белгіленген қуат, Гкал / сағ	% тозу
Серебрянск қ. қазандығы	К-1	1981	4,5	80%
	К-2 (резервтік)	1981	4,5	100%
	К-3	1981	4,5	20%
	К-4 (резервтік)	2019	4,5	10%
	18 Гкал/ сағ			
Жаңа-Бұқтырма кенті	№1 ДКВР 10/13. 115С (резервтік)	1963	6,65	50%
	№2 ДКВР 10/13. 115С (резервтік)	1963	6,65	100%
	№3 ДКВР 10/13. 115С	1964	6,64	50%
	№4 КЕ 25/14	1985	16,63	50%
	№5 КЕ 25/14	1998	16,63	52%
	53,2 Гкал/ сағ			

Жоғарыдағы кестеден қазандық желілерінің тозуының негізгі проблемаларының бірі екенін анықтауға болады. 2025-2026 жылдар аралығында «Серебрянск қаласындағы қазандық кешенін қайта құру»

жобасын іске асыру жоспарланған. Сондай-ақ, Жаңа Бұқтырма кентінің қазандығын ағымдағы жөндеу жоспарланған.

Бұл ретте таяудағы бесжылдықта мынадай мәселелерді шешу жоспарлануда қаланың инженерлік желілерінің жоғары тозуы (сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту талап етіледі, тозу 85% - дан асады). «Алтай ауданының ТКШ, ЖМ, АҚ және тұрғын үй бөлімі» ММ;

Тақырыпты зерттеу барысында біз SWOT және PEST талдау әдістерін кешенді пайдаландық. Алтай ауданының жылумен жабдықтау мәселелерінің жағымды жақтарына - халықтың әл-ауқаты жақсарады, жергілікті салық артады, халық миграциясы тоқтайды, жұмыс орындары тұрақталады. Бұл үрдіс бірнеше мүмкіндіктерді алып келеді: халық санының тұрақтылығы арта бастайды, қосымша жұмыс орындары пайда болады, орталық жылу жүйесінің қызметтік дамуына үлес қосады.

Алтай ауданын жылумен жабдықтау мәселесін саяси - әлеуметтік жағынан қарайтын болсақ: Алтай ауданының әлеуметтік жағдайы жақсарады, халықтың тұрмысы, денсаулығы жақсарады.

Қортынды

Алтай ауданының жылумен -жабдықтаудың мәселелері әр уақытта өзекті мәселе. Себебі, қазандықтарының тозғандығын байқадық және оларды жөндеу үшін қаржылықтың жетіспеушілігі. Бұл ретте таяудағы бесжылдықта мынадай мәселелерді шешу жоспарлануда қаланың инженерлік желілерінің жоғары тозуы (сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту талап етіледі, тозу 85% - дан асады)

Сол себепті,

1. Үнемі қазандықтарды жөндеуді қажет етеді;
2. Көмір тапшылығына әкеліп соғады;
3. Тарифтің көтерілуіне әкеп соғуы;
4. Тарифтің шеттен тыс қымбаттауы.
5. Қазандықтардың техникалық ақауларының болуы.
6. Жұмысшы күшінің жоқтығына әкеп соғады.

Қорытындылайтын болсақ, жылумен жабдықталудың мәселелерін түсіндіріп дәйектей алдым деген ойдамын. Дәлме дәл бұл нәрсеге қарайтын болсақ мәселелерді шешу үшін (инновациялық технологияларды енгізу, қоғамдық бітімді арттыру және қаржылық қолдау қажет. Жылумен жабдықтау қазіргі өркениет дамыған 21-ғасырдағы ең маңызды аспектілердің бірі

Пайдаланылған материалдар тізімі:

1. Алтай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары.
2. Статистикалық деректер.
3. «Жылу-су орталығы» КМК техникалық ерекшеліктері.

4. «ШҚО жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ техникалық деректері.

5. Президент Жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-adiletti-kazakstan>